

**Байгунакова Г.С.,\* Нарымбет Г.Б.**  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ – ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ**

Автор корреспондент: [baygunova77@mail.ru](mailto:baygunova77@mail.ru)

**Түйін:** Тұрар Рысқұлов большевиктердің теңдік, бостандық, кедей де, бай да болмайтын жаңа тапсыз қоғам құру туралы идеялары мен ұрандарын қабылдаған қазақтың демократиялық зиялыларының бірі. Нәтижесінде ол Алаш-Орда буржуазиялық автономиясының қарсыластарының лагеріне түсті. Алайда, оның мемлекеттік-саяси қызметіне жасалған талдау оның серіктестері сияқты өз отандарының гүлденуін қалайтындығын және өз халқы үшін нақты егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізуге тырысқандығын көрсетеді. Қуғын-сүргіннен жасырынған Тұрар Рысқұлов Қырғызбаев есімімен үш жылдық орыс-қазақ мектебін бітірді. Кейін Пишпек ауылшаруашылық мектебінде оқуын сәтті аяқтады. Ол 1916 жылғы көтерілістің қатыгез басылуының куәсі болды, оның ортасында Меркеге қамауға алынды, бірақ дәлелдері болмағандықтан босатылды. Рысқұловтың арманы Ташкент мұғалімдер институтына түсу болатын. Ташкенттегі институт қабырғасында Т.Рысқұлов социал-демократтар - большевиктер ұйымына жақын болды. Рысқұлов жолдастарымен бірге «Қырғыз жастарының революциялық одағын» құрады, оның мүшелері Уақытша үкіметтің жергілікті аппараттарымен күресу міндетін қойды. 1917 ж. қыркүйек айында Тұрар Рысқұлов большевиктер партиясына қосылды.

**Кілт сөздер:** партия, саяси қайраткер, Орталық комиссия, үкімет, пленум, ұлттық қозғалыс, ұлт зиялылары.

«Ел үшін туар ер озар» демекші, қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғалардың тағылымды өмір жолдары мен көрнекті ерен еңбектері ел тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылып қана қоймай, мәдениетіміздің зор, рухани құндылықтарымыздың берік болуына ықпал етуде. Бар өмірін ашық аспан астында ұрпақтарының еркін өмір сүруі жолына арнаған ұлы тұлғалардың есімдері мәңгілік сақталары хақ. Қазақ халқының осындай елін сүйген ер ұлдарының бірі де бірегейі - Тұрар Рысқұлов.

Тұрар Рысқұлов адам ретінде қоғам және саяси қайраткер ретінде қазақ халқының ұлы перзенті. Ол қазақ халқының болашағы жарқын аспаны ашық болуы үшін күресіп тәуелсіздік пен бейбіт өмірді аңсап кетті.

Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. Мемлекет қайраткері қазақ жерінің экономикалық дамуына бар ерік-жігерін жұмсаған. Оны саяси жолмен, Түркістан компартиясының ішінде Ислам бюросын құрып, қолдап отырды.

Ордалы Қоңыратбаевтың пікірі бойынша Рысқұлов құрған мұсылман бюросының саяси маңызы – ол мұсылмандардың құрған жеке саяси партиясы ретінде болды. Сондай деңгейге дейін көтерген. Ол Түркістандағы мұсылмандардың өмірлік мұраттарын қорғайтын ұйым болды. Түркі елін түгел болуға үндеген қайраткердің Орта Азия мемлекеттері мен Әзірбайжанның мемлекет ретінде құрылуына зор ықпалы болған. Тұрар Рысқұлов ел басқара жүріп, бар ойын қағазға түсірген. Қандай да бір мәселеге қатысты пікірін ашық айтып, баспасөз беттерінде жариялап отырған.

Рухы мықты қайсар да өткір жас Тұрар 1894 жылы 14 (26) желтоқсанда Жетісу облысы Верный уезінің Шығыс Талғар болысында дүниеге келген. Оның әкесі қайсар да турашыл Рысқұл Жылқыайдарұлы 1905 жылы облыс әскери губернаторының досы, әрі Шығыс Талғар болысының билеушісі Саймасай Үшкөмпіровты халыққа және тікелей өз басына жасаған қиянаты үшін атып өлтірген және сол айыбы үшін 1906 жылы 10 жылдық мерзімге алыстағы Сахалин аралына жер аударуға кесілген. Әкесі тергеуде болған бірнеше ай бойы 11 жастағы бала Тұрар түрмеде болып, оның ауласындағы әртүрлі жұмыстарды атқарған, түрме бастығының атқосшысы болған. Сөйтіп жүріп хат таныған, орыс тілін

біршама меңгерген. Тұрар шешеден де, әкеден де ерте айырылып жетімдіктің ащы дәмін ерте татқан. Бұл жәйт ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың шығармасы бойынша түсірілген «Қараш-Қараш» фильмінен белгілі.[1]

Тұрардың өмірінде оны туған жерінен басқа жақа алып кеткен немере ағасы үлкен роль атқарады. 1907-1910 жылдар аралығында бала Тұрар Әулие-ата уезіндегі Меркі селосында орыс-қазақ мектебін аяқтап, Пішкек ауылшаруашылық мектебінде 1910-1914 жылдар аралығында бағбан мамандығын алып шықты. Тұрар Рысқұловтың мемлекеттік қызметі оның өмірінің аз зерттелген қызғылықты беттерінің бірі болып табылады.[2]

1918 жылы күзде Т.Рысқұлов Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Аштықпен күресе отырып, халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыру, 1916 жылғы Әулие ата уезінде ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, Қытайға ауып кеткен жерінен қайта оралған босқын қазақтарға азық-түлік көмегін көрсетуге күш салады. Т.Рысқұлов Түркістан АКСР аштықпен күресу жөніндегі Төтенше Орталық Комиссиясының қызметінде жүріп орасан жұмыстар жүргізді.

Тұрар ақын Есенғали Раушановтың өлеңіндегідей «қаңғып келген шөрегей көлге пана бола алмайтынын» ескерткен болса керек сонда. Соңыра, Түрккомиссия Мәскеуге Түркістан атқару комитетінің алқалы жиналысындағы мінез әрекеттеріне байланысты Т.Рысқұловты партиядан шығару, барлық мандаттарын қайтарып алу керектігі туралы В.Лениннің атына жеделхат жіберіпті. В.Ленин шығыс халықтарынан шыққан қайраткерлер қатарында Тұрар Рысқұловты оның белсенділігін, қайсарлығын мойындаған. Себебі, Лениннің ұлттар саясаты туралы концепциясын сынап, әркез ондағы баптардың дұрыс орындалуын жіті қадағалап отырған Тұрар. Алайда, Т.Рысқұлов ұсынған түркі республикасын құру туралы идеясы Ленинді шошытқаны шындық. Сондықтан ол Тұрар бастамасын қолдаған жоқ. Ал, Тұрар 1924 жылы В.Ленин қайтыс болғанда «Екі дүниені біріктіріп тұрған ту - Ленин» деген мақала жазғаны рас. Ол «Қызыл Қазақстан» журналында басылған. Әуелде әріптес тарихшының «ГАРФ-та Т.Рысқұловқа қатысты татымды ештеңе таппайсың-ау» деген сөзіне журналист ретінде күмәндана қарап едім. Екі күндей табанымнан таусылып, шындығында ештеңе таба алмай қиналдым. Қармағыма ілінген ұсақ-түйекке көңілім құлазыды. Менің «қайтпас қажырлылығымды» сезген Нина Абдуллаева (Оқырмандар залының меңгерушісі М.Ж.) «тоғызыншы подъездегі дәстүрлі каталогтар залына барып, жұмыс жасап көріңіз» деген соң соған қарай жүрдім. Айтпақшы, ГАРФ-ты өз алдына үлкен шаһар демеске лажың жоқ. Он үштен астам подъезд тік төрт бұрыш формасында шеңбер жасап тұр. Мұрағатта байырғы қызметкерлер көп екен. Олар жұмысына тиянақты, жасампаз адамдар болып шықты. Менің «ит арқасы қияннан» келгенімді білген соң, көп көмектесті. «Сонымен-, деді, Александра Николаевна «мына екі жәшіктегі картотекаларды бір бірден қараңыз да орнына шатастырмай, рет ретімен қайта қойыңыз. Мен тағы да басқа жәшіктерді қарастырып келейін» деп кабинетіне жалғыз қалдырып кетті. Жәшік сыртында «Именной каталог» Росс-Турк деген жазу бар. Рысқұлов Туар деген картотекаға барып бір-ақ тоқтадым. Өз көзіме өзім сенер емеспін. Рысқұлов Тұрар. Дәл өзі, қайта оқыдым. Қуанғанымнан алдымен карточкаларды санап шықтым. Жиырма екі. Екі күн сенделген күй кешіп едім, мынау ойламаған олжа болды ғой. Осының алдында ғана Александра Николаевна «Т.Рысқұлов қандай қызметтер атқарып еді, кілт сөздерді есіме салыңызшы, бізде мәлімет бола қояр ма екен?» деп еді. Мынау мен ойлағаннан да көп дүние. Дереу дәптеріме құжаттардың атауын тіркей бердім, тізе бердім. Карточкалардың пошымына қарасам ешкімнің қолы тимепті әлі.

Соңғы құжаттан басқаларына қарап отырсақ, Кеңестер Одағында Т.Рысқұлов ат салыспаған сала қалмаған екен. Және Т.Рысқұлов көптеген комиссиялардың мүшесі болып қана қоймай тікелей аралысып, өз ұсыныстарын енгізіп отырған.

1924 жылы 23-31 мамыр аралығында өткен РКП (б) XIII съезіне қатысады. Осы жылдың жаз айында Коминтерннің Монғолиядағы уәкілі болып жұмыс істейді. Тұрар Рысқұлов Монғол Халық Республикасында Коммунистік интернационалдың уәкілі ретінде

тоғыз ай қызмет атқарды. Монғолияда жұмыс атқарған кезіндегі іс-әрекеттеріне байланысты құжаттар Монғол халық революциялық партиясы (1925 жылға дейін Монғол Халық партиясы) Орталық архивінде сақтаулы. Бұл құжаттардың ішінде Т.Рысқұловтың Монғол Халық партиясы Орталық Комитетінің Басқарма жиналысы мен Пленумында сөйлеген сөздері, әр түрлі комиссиялар қатысып жасаған ұсыныстары, оның қатысуымен жасалған партия мен үкіметтің маңызды құжаттарының жобасы, соның ішінде Монғол Халық Республикасының тұңғыш Конституциясы, партияның бағдарламасы мен жарғысының жобалары, партия мен үкіметтің сыртқы саясатын жүзеге асыруда Т.Рысқұловтың міндетіне байланысты материалдар, Коминтерннің Атқару комитетіне жазған оннан астам баяндамасы, өзінің Монғолиядан қайтуына байланысты жазған түсінік хаты сияқты көптеген құжаттардың түп нұсқасы сақталған және сол конституцияның жобасын жасауға белсене қатысып, оған елдің саяси өмірін демократияландыруға байланысты бірсыпыра маңызды ұсыныстар енгізген. [3]

Т.Рысқұловтың пікірі бойынша МХП-ның жаңа бағдарламасы мен Жарғысына партияның демократиялық негіздерін нығайтуға байланысты біраз тұжырымдар енгізіп отырды. 1925 жылы шілде айында Т.Рысқұлов Мәскеуге қайта оралды. Коминтерннің уәкілі ретінде Монғолияда тоғыз ай істеген Тұрар неліктен тез оралды? Себебі басқарма мүшесі Э.Ринчино мен Коминтерн уәкілі Т.Рысқұловтың арасында болған пікір таластары шектен шығып, Орталық комитеттің іс әрекетіне бөгет бола бастағандығы және бұл мәселе үлкен дау дамайға ұласпай құпия қаулы қабылданды. Дегенмен Э.Ринчиноның билеп төстеу әдісіне тыйым салғандықтан кетуге мәжбүр болды. [4]

Дархан Қыдырәлінің пікірі бойынша Монғолиядан келген архив мамандары, үлкен басшылар қазір Монғолияның ата заңының авторларының бірі ретінде Тұрар Рысқұловты атауда. Сондықтан, Рысқұловтану тәуелсіздігімізбен бірге жаңа белеске көтерілді. Және Рысқұловтың идеяларының мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеяларымен сабақтас жатуы біздің түркі академиясының алдына үлкен міндеттер жүктейді. Монғолиядан қайтып оралған соң Т.Рысқұлов ауылдағы әлеуметтік-экономикалық процесстер туралы пікірсайысына белсене қосылады. Ол оппоненттерінің дәлелдерін, олардың күшті және әлсіз жақтарын, ережелердің даулы немесе жаңсақтығын ескерудің тамаша үлгісін көрсетті. Сонымен бірге құбылыстардың мәніне терең бойлайтындығын, дәл баға беретінін, нақты материалды білетіндігін танытады.

Академик М. Қ. Қозыбаев өзінің зерттеулерінде Т.Рысқұловты былайша атап көрсетеді: «20-жылдары сезімтал қазақ зиялыларын ойландырып, іштей наразылығын тудырған мәселенің бірі-Орталықтың Қазақстанның жергілікті ерекшеліктерімен және ұлттық мүддесімен көп жағдайда санаса бермеу саясаты еді. Батылы жетіп, өз қара басының қамын ойламаған Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов сияқты қайраткерлер оған барынша қарсы тұруға тырысты, дегенмен осы уақытқа дейін ұлтшылдық аясында қарап келген концепция жалған екендігі, оның тек советтік Шығыс емес, әлемдік ұлт қозғалысының көсемдерінің бірі екендігі сөзсіз. [4]

Т.Рысқұловтың әлем тарихындағы тұғыры биік, жұлдызы жарық, ол Сүн-Ят-Сен (Қытай), Д.Неру (Үндістан), Мұстафа Кемал-паша (Ататүрік) қатарындағы қайраткер екендігі күман тудырмайды. «Рысқұлов Советтік Шығыстың көсемі ғана емес, дүние жүзілік ұлттық қозғалыс көсемдерінің бірі». Көптеген материалдары жарық көрген. Соның барлығы қазақтың мәселесі, қазақтың экономикасы, қазақ елінің дамуы, территориясының бүтіндігі, елдің тұтастығы, бірлігі мәселелері Тұрар Рысқұловтың публицистикасында сайрап жатыр. [5]

Қырықтан енді асқанда қыршын кеткен қазақтың тау тұлғалы - Тұрарына Қызыл империяның қатты өшіккені сонша, Тұрар Рысқұловты ату туралы бұйрыққа Сталиннің өзі қол қойып, “Халық жауы” деп айыптап, 1938-ші жылдың 10-шы ақпанында атылды. Ал жұбайы АЛЖИР-де 18 жыл айдауда болды, ұлы Ескендір түрмеде көз жұмды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қоңыратбаев О. Т. Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Қазақстан, 1994 ж.
2. О. Сәбден. Т. Рысқұлов – Орталық Азия мен Ресейдің аса қорнекті мемлекет қайраткері. Алматы, 2006
3. Рысқұлов Т. Р. Шығармаларының толық жинағы - Полное собрание сочинений / Т. Р. Рысқұлов; Алматы: Қазығұрт. - 2007., 1-том
4. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997 ж.
5. Қ. Қасенов., Ә. Төреханов. Қызыл қырғын 37-де опат болғандар, Алматы: «Қазақстан» 1994 ж.

**Аннотация:** Турар Рыскулов представлял ту часть казахской демократической интеллигенции, которая восприняла идеи и лозунги большевиков о равенстве, свободе, строительстве нового бесклассового общества, где не будет ни бедных, ни богатых. Вследствие этого он оказался в лагере противников буржуазной автономии «Алаш-Орда». Однако анализ его государственно-политической деятельности свидетельствует о том, что он, как и его соратники, желал процветания своей Родины и пытался добиться для ее народа реального суверенитета и независимости. Скрываясь от преследований, Турар Рыскулов под вымышленной фамилией Киргизбаев окончил трехгодичную русско-казахскую школу. Позже он успешно завершил обучение в Пишпекской сельскохозяйственной школе. Он стал свидетелем жестокого подавления восстания 1916 г., в разгар которого его арестовали в г. Мерке, но, за отсутствием доказательств, отпустили. Мечтой Рыскулова было поступить в Ташкентский учительский институт. В стенах института в г. Ташкенте Т. Рыскулов сблизился с организацией социал-демократов — большевиков. Вместе со своими товарищами Рыскулов создает «Революционный союз киргизской молодежи», члены которого ставили своей задачей борьбу с местным аппаратом Временного правительства. В сентябре 1917 г. Турар Рыскулов вступает в ряды большевистской партии.

**Abstract:** Turar Ryskulov represented that part of the Kazakh democratic intelligentsia that adopted the ideas and slogans of the Bolsheviks on equality, freedom, and the construction of a new classless society where there would be neither poor nor rich. As a result of this, he ended up in the camp of opponents of the bourgeois autonomy Alash-Orda. However, an analysis of his state-political activity indicates that he, like his associates, desired the prosperity of his homeland and tried to achieve real sovereignty and independence for its people. Hiding from the persecution, Turar Ryskulov, under the assumed name Kirgizbaev, graduated from a three-year Russian-Kazakh school. Later, he successfully completed his studies at the Pishpek Agricultural School. He witnessed the brutal suppression of the 1916 uprising, in the midst of which he was arrested in Merck, but, for lack of evidence, was released. Ryskulov's dream was to enter the Tashkent Teacher's Institute. Within the walls of the institute in Tashkent, T. Ryskulov became close to the organization of the Social Democrats - the Bolsheviks. Together with his comrades, Ryskulov creates the "Revolutionary Union of Kyrgyz Youth", whose members set themselves the task of fighting the local apparatus of the Provisional Government. In September 1917, Turar Ryskulov joined the Bolshevik Party.